

Тәуекел менеджменттің мәні және түрлері, тиімділігін жоғарылату

1. Тәуекел мәні және функциялары
2. Кәсіпкерліктегі тәуекел түрлері
3. Айналым тәуекелінің жоғалтулары және кәсіпкерлік қызметтегі олардың себептері
4. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекелді азайту және сақтандару әдістері

Тәуекел – бұл мүмкін қауіптілік.

- Кәсіпкерлік қызмет – бұл инновациялық тәуекелдік қызмет.
- Экономикалық теорияда тәуекел дегеніміз кәсіпорынның белгілі өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстың бір бөлігін жоғалту ықтималдығы.

- **Тәуекел менеджменті** ([ағылш. Risk Management](#)) - жайсыз нәтиже туындау [ЫҚТИМАЛДЫҒЫН](#) және мүмкін артық шығындарды азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау, әрі орындау үдерісі. Тәуекелдерді анықтау және бағалау арқылы жазатайым оқиғалардың әсері мен ықтималдылығын минимизациялау, оларға мониторинг пен бақылау жүрзігу үшін ресурстардың үйлестірілген және экономикалық түрде қолданылуын қамтиды.

Тәуекелділіктің бірнеше түрі бар:

- өндірістік,
- коммерциялық
- қаржылық
- инвестициялық
- нарықтық
- заңдық
- сақтандыру

- **өндірістік тәуекел** өнім тауар өндіруге және қызмет көрсетуге, кез келген өндірістік қызмет түрін жүзеге асыруға байланысты;
- **коммерциялық тәуекел** өндірген немесе сатып алған тауарларды және қызмет көрсетуді өткізу процесінде туады;
- **қаржылық тәуекел** кәсіпкердің банктермен және басқа қаржы институттарыен қатынас сферасында пайда болады;

- **Инвестициялық тәуекел** – бұл кәсіпорынның өзінің және сатып алған құнды қағаздарының құнсыздануы арқылы болуы мүмкін.
- **Нарықтық тәуекел** – бұл ұлттық ақша бірлігінің нарықтағы процент ставкасының немесе шет ел келісім серіктестіктерінің валюта курсының өзгеруімен байланысты.
- **заңдық** – заң актілерінің төмен сапасымен және заңдағы күтпеген өзгерістермен байланысты;

- **ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ** – техникалық экономикалық негіздемені сапасыз жасаумен, жобаның құнының күтпеген өсуімен, қоршаған орнннтаны қорғау туралы заңның күшеюіне байланысты;
- **сақтандыру тәуекел** – сақтандыру қорын қалыптастырумен, қорды басқарумен байланысты.

- Тәуекел дәңгейіне әсер ететін факторларды ішкі және сыртқы деп екіге бөлуге болады.
- **Тәуекелді талдаудың схемасы:**
- Нақты тәуекел түрлерінің ішкі және сыртқы факторларының ықпалдарын айқындау.
- Айқындалған факторларды талдау.
- Нақты тәуекел түрін қаржы жағынан екі тәсілмен бағалау:
 - а) қаржылық тұрақтылығын, дәулетін анықтау;
 - б) жұмсалатын қаражаттың экономикалық тиімділігін анықтау.
- Тәуекелдің жорамал деңгейін анықтау.
- Бөлек операцияларының тәуекелдерінің жорамал деңгейін талдау.
- Тәуекелді бәсендету үшін шаралар жасақтау.

- **Екінші басты мәселе** тәуекелден келетін зияндар түрлерін анықтау.
- Материалдық зиян – бұл жобада қаралмаған өндірістік шығындар, немесе тікелей материалдық объектілерді, өнімдерді, материалдарды, шикізаттарды жоғалту.
- Еңбек зияны – жұмыс уақытын жою, кехдейсоқ немесе болжамсыз себептермен болған жағдайда.
- Қаржылық зиян – бұл тікелей ақшалай зиянмен байланысты: төлемдер, айыптар, уақыты озған несиелерді төлеу, қосымша салықтар т.б.

- Уақытты жою – бұл егер кәсіпкерлік іс жобалы уақыттан кейін қалатын болса пайда болады.
- Арнайы зиян түрлері – бұл зияндар адам денсаулығына және адам өміріне, қоршаған ортаға, кәсіпкердің беделіне кесел келтіретін жағдайлар.
- **Саяси факторларға байланысты:**
 - іскерлік белсенділіктің бәсеңдеуі,
 - еңбек және орындау тәртібінің деңгейінің бәсеңдеуі,
 - төлем мен өзара есептесудің бұзылуы,
 - салық ставкасының тұрақсыздығы т.б.

Кәсіпкерлік тәуекел -

- өнімдерді тауарларды, қызмет көрсетулерді өндірумен, оларды өткізумен, тауар-ақша және қаржы операцияларымен, коммерциямен байланысты кез келген қызмет түрінде пайда болатын әлеуетті мүмкін қауіптілік, ресурстарды ықтимал жоғалтулар.

- Кәсіпкерлік тәуекелдің мәнін қарастыру кәсіпкерлік қызметте тәуекел орындайтын функцияларды анықтаумен басталады:
- Инновациялық
- реттеуші
- қоғаушы
- Аналитикалық
- Кәсіпкерлік тәуекелді жіктеу күрделілігі олардың көп түрлігінде.

Кәсіпкерлік тәуекелдің жіктелуі:

- **Кәсіпкерлік қызмет белгілері бойынша:**
- өндірістік тәуекел
- коммерциялық тәуекел
- қаржылық тәуекел
- заңдық
- инвестициялық тәуекел
- сақтандыру т.

- **Аумағы бойынша:**
- жергілікті,
- салалық,
- елдік.
- **Пайда болу табиғаты бойынша:**
- субъективті
- объективті.
- **Туу сферасы бойынша:**
- ішкі,
- сыртқы.
- **Мүмкіндігі бойынша:**
- сақтандырылатын,
- сақтандырылмайтын.

Тәуекелді азайтудың негізгі әдістері:

- қосымша жұмыс күші, нарық туралы ақпараты, жеткілікті қаржы құралдары бар кәсіпорындар қатарынан әріптестер іздеу;
- қосалқы мәселелерді жоба алдында мұқият пысықтау;
- тәуекелді жобаның қатысушылары, оны орындаушылары арасында болу;
- тәуекелді сақтандыру.

- Кәсіпкерлік құпияны құрайтын маңызды мәліметтердің 4 деңгейін атап көрсетуге болады:
- өмірлік маңызы бар, алмастырмайтын ақпарат, кәсіпорынның жұмысы үшін өте қажет ашылуына және жабылуына нақты түрдегі септігін тигізеді;
- маңызды ақпараттың жойылып кету процесіне әкеледі немесе үлкен шығынға батырады;
- пайдалы ақпарат – мұның қолдан шығып кетуі кәсіпорынға залал тигізеді, бірақ оның қызметінің тиімділігіне оншалықты әсері бола қоймайды;
- мардымсыз ақпарат – бұл кәсіпорынға материалдық шығын және оның қызмет етуіне тигізер әсері болмайды.

- **Кәсіпкерлік құпияны тиімді түрде қорғау төмендегідей міндетті шарттардан тұрады:**
- қаржылық, коммерциялық, өндірістік сұраулар шешімінің бірлігінен;
- өте құпия ақпараттың сақталу деңгейіне жетекшілердің арнаулы түрдегі жауапкершілігі;

- коммерциялық құпияны жеткізушілердің, тасымалдаушылардың, сақтық тәртібі, арнайы іс жүргізуді ұйымдастыру;
- ақпаратты білуге тиісті соның ішінде өте құпия түрін, тұлғаларды шектеу санын анықтау;
- коммерциялық құпияны сақтаудағы жүргізілген шараладың және өңдеулердің жоспары, соның ішінде қолданылған шараладың тиімділігіне арнаулы бақылау.

- Барлық коммерциялық мәмілелер екі түрге бөлінеді: негізгі және көмекші.
- Көмекші түрлерге мыналар жатады:
 - * тауарларды сату- сатып алу (өнімдерді);
 - * сатып алу – сату, ғылыми техникалық білім алмастыру (патенттер, лицензиялар, «ноу-хау»);
 - * техникалық қызметті сатып алу және сату (техниканың жаңарту түрі, уникальды нысандардың құрылысы кезіндегі бірлескен қимылдар және т.б.);
 - * өндіріс факторларының жалға берілуі;
 - * тауарларды, жұмыс және қызметтерді жалдау;
 - * халықаралық туризм ұйымы.

- Коммерциялық тәжірибеде мәмілелер жүзеге асыру әдісінің екі түрлі негізі жиі қолданылады:
- өндірушімен тікелей;
- делдал арқылы.
- Тура (тікелей) байланыстар – бұл келісімдік қатынас - тауар өндіруші мен оны тікелей пайдаланушы арасындағы жағдайға байланысты болатын.
- Агенттендіру. Делдалдылықта кәсіпкерлік іскерлік нақты түрде жүргізіледі.
- Агент – бұл тұлға тұтынушының немесе тауар өндірушінің атынан оларға қажетті, керекті қимыл жасайтын адам.

- Банктік менеджмент — клиенттердің қаржылық дамуынанеғұрлым қолайлы жағдай жасау мақсатында алуан түрлі банк қызметтерін көрсету мен операциялар жасау және жаңа нарыктар қалыптастыру үшін банктің, жекелеген орындаушылардың мүдделеріне әсер ету процесі болып табылады

- Банктің басқармасы тәуекелдің пайда болу көздеріне және пайда болу себептеріне аса маңызды көңіл бөледі.
- Тәуекелдің пайда болуының үш көзін атап өтуге болады.
- Алғашқы екі түрі объективті сипатта, яғни банктің іс-әрекеттеріне байланыссыз немесе тәуелсіз болады.
- Ал, үшінші түрі субъективті сипатта болады, яғни банк қызметіне тәуелді болып келеді.

- 1. Нарықтық тәуекел деп әр түрлі активтер құнының өзгеруіне тәуелді қаржылық жағдайды айтамыз.
- Ол мыналардан тұрады:
- а) Проценттік тәуекел – ағымдағы проценттік тәуекелдің өзгеруімен байланысты тәуекелдің түрі.
- б) Валюталық тәуекел – валюта бағамының өзгеруімен байланысты тәуекелдің түрі.
- с) Инвестициялық тәуекел – қор нарығындағы өзгерістермен байланысты тәуекелдің түрі.
- 2. Контрагент тәуекелі немесе несиелік тәуекел – контрагенттің өз міндеттемелерін орындамауына немесе берілген несиені қайтармауына байланысты тәуекелді айтамыз.

- Басқару немесе менеджмент тәуекелі. Ол мыналардан тұрады:
- а) Оперативтік тәуекел – банктің кейбір функцияларымен байланысты тәуекелді айтамыз. Оларға мыналар жатады:
- банктің ұйымдастырушылық құрылымы
- ақпараттық және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілу дәрежесі,
- кадрлардың мамандану деңгейі,
- банктің өз қызметін жедел және нақты орындау қабілеті.

- б) Стратегиялық тәуекел – банк қызметінің дұрыс ұйымдаспауымен немесе жіберілген қателермен байланысты тәуекелдің түрі. Олар:
- шешім қабылдау үшін ақпараттық базаның жеткіліксіздігі,
- қаржы нарығының математикалық модельдерінің сапасының төмен болуы,
- болжау және жоспарлау әдістемелерінің толық еместігі.

- Жоғарыда келтірілген факторлар келесі жиі кездесетін банктік тәуекелдердің пайда болуына себеп болаалады:
- 1. Өтімділік тәуекелі активтерді тез арада ақшаға айналдыру немесе міндеттемелерді орындау үшін керек ресурстарды тарту қабілетін жоғалтумен байланысты.
- 2. Проценттік тәуекел нарықтағы проценттік ставканың ауытқуымен байланысты.
- 3. Несиелік тәуекел қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауымен байланысты.
- 4. Нарықтық немесе инвестициялық тәуекел бағалы қағаздардың мүмкін болатын құнсыздануымен байланысты.

- 5. Саяси тәуекел мемлекеттегі саяси жағдайдың тұрақтылығымен сипатталады.
- 6. Валюталық тәуекел валюталық бағамның жоспарланған деңгейден ауытқуымен байланысты.
- 7. Операциондық тәуекел төлемдерді жүргізу барысында немесе мәліметтерді электрондық өңдеу кезінде пайда болады.
- 8. Экономикалық тәуекел өндіріс салаларында және қаржы нарығындағы болатын жағымсыз жағдайларға байланысты пайда болады.
- 9. Келеңсіз жағдай тәуекелі табиғи апаттармен немесе төтенше жағдайлармен байланысты пайда болатын тәуекелдің түрі

- Банк үшін тәуекелдерді басқару өте маңызды болып келеді.
- Тәуекелдің жоғары деңгейімен сипатталатын банк қызметтерінің түрлерінде банк табысқа ие болу үшін шешім қабылдаудың ерекше механизмін дамытады.
- Банктер тәуекелдің мүмкін болатын деңгейін анықтап, оның табысты қандай дәрежеде ақтайтынын есептейді.
- Осының негізінде банк тәуекелдерді анықтауға өзгертуге, бақылауға, деңгейін төмендетуге байланысты іс-шараларды дайындап жүзеге асырады.
- Банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесі төмендегі суретте көрсетілген элементтерден тұрады

- Тәуекел-менеджментті талдауда төмендегі факторлар назарға алынады:
- – банк басшылығы біліктілігін, басшылық жасау және әкімшілік ету қабілетін көрсетуге тиіс;
- – банк басшылығы заңнаманы және белгіленген ішкі ережелерді, ҚРҰБ-тің және ҚҚА-тің, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын сақтауға;
- – банк басшылығы экономикалық ахуалдың өзгеруіне, банк ортасының өзгеруіне бейімделуін көрсетуге тиіс;
- – банк басшылығы тиісті ішкі жұмыс ережелерінің әзірленуі және олардың орындалуы үшін толықтай жауап беруге;
- – банк басшылығы тәуекелдерді басқарудың тиісті біліктілігін қамтамасыз етудің мақсатында қызметкерлерді оқытуға;
- – банк басшылығы пайда күнем іс-әрекеттердің кез келген көрінісі, әсіресе банкпен ерекше қатынастар байланысты тұлғаларға жеңілдікпен қарыз беруге қатысты сынға ұшырайды.

- тәуекел-менеджмент бөлімі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі принциптерге негізделуге тиіс,
- тәуекел құнын бағалау принципі, яғни банк белгіленген сәтте бас тігетін жиынтық тәуекел банктің меншік капиталының мөлшерінен аспауға тиіс;
- – тәуекелдің салмақтылық принципі, яғни азғана үшін көппен тәуекел етуге болмайды, сондықтан банк мамандары тәуекелдің салдарын барынша есептеп, болжауға тиіс;
- – операцияның табыстылығына сенімді болу принципі, яғни сенімсіздік болмаса жағымды шешім қабылдануға тиіс (егер сенімсіздік 50%-ды және одан астамды құраса, онда осы операция бойынша жағымсыз шешім қабылдаған орынды);
- – ресурстарды салудың сәйкестік принципі, яғни кірістілік деңгейі бойынша ұқсас қаражат салатын бағыт әркезде табылады оны да қарап талдау, салмақтау және ресурстар бастапқы салынған бағытпен салыстыру қажет;
- – тәуекелді жабу принципі, яғни операция сәтсіз болған жағдайда банк оның есебінен ысырапты әркезде жабатын резерв болуы тиіс.

- Тәуекел-менеджментті ұйымдастырудың жаңа механизмі жаңа тәсілдемелерді талап етеді, олардың біреуі – шешім қабылдау, математикалық модельдеу теорияларының, жүйелерді, ақпараттық және ұйымдастыруды модельдеу теориялары түйісуінде орналасқан контроллинг жүйесін енгізу болып табылады.
- үйесін енгізу болып табылады.
- Контроллинг – тәуекел-менеджменттің аса маңызды элементтерінің бірі болып табылады, сонымен бірге ол барлық қажеттіші және сыртқы ақпарат жүйеленіп, талданып және басқарушылық шешім қабылдайтын тұлғаларға жіберілетін жағдайды қамтамасыз етеді» .